

Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемеңі Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 16 шілдедегі № 512 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 19 шілдеде № 19057 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Кіріспе жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. ЗҚАИ-ның ескертпесі!

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-6) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 10.04.2020 № 192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемеңі Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2019 жылғы 16 шілдедегі
№ 512 бұйрығымен
бекітілген

Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 10.04.2020 № 192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1. Осы Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-6) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалардың қолданысы Каспий теңізінің қазақстандық секторы шегінде қызметін жүзеге асыру үшін қазақстандық кеме иелері тартатын, шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін барлық кемелерге (бұдан әрі - шетелдік кемелер) қолданылады.

Кеменің меншік иесі болып табылатынына немесе оны өзге де заңды негізде пайдалануына қарамастан, өз атынан кемені пайдаланатын Қазақстан Республикасының заңды немесе жеке тұлғасы қазақстандық кеме иесі болып табылады.

2-тарау. Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру тәртібі

3. Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсатты (бұдан әрі - рұқсат) сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) қазақстандық кеме иесіне каботажды және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға, жер қойнауын пайдалану салдарын жоюға, сондай-ақ гидротехникалық құрылысжайларды салуға және құтқару жұмыстарын жүргізуге байланысты қызметті (бұдан әрі – өтініш беруші) жүзеге асыру үшін береді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4. Өтініш беруші уәкілетті органға "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат алу үшін өтінімді (бұдан әрі – өтінім) жолдайды.

Өтінімге осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі – Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) келтірілген құжаттардың электрондық көшірмелері қоса беріледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жазылған.

Уәкілетті органның құжаттарды қарау және рұқсат берудің жалпы мерзімі 9 (тоғыз) жұмыс күнін құрайды.

Уәкілетті орган нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркегеннен кейін үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушіге, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.06.2023 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Рұқсат Каспий теңізінің қазақстандық секторында ұлттық мүдделерді қорғауды, кемелердің жүзу қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуді ескере отырып, осы Қағидалардың 9 және 10-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік туын көтеріп жүзетін ұқсас техникалық сипаттамаларымен ұқсас түрдегі бос және осы мақсаттар үшін шетелдік кеме тартылатын көрсетілетін қызметті жүзеге асыруға мүмкіндігі бар кемелердің болмау жағдайында беріледі.

6. Рұқсат әрбір шетелдік кемеге шартта (келісімшартта) көрсетілген мерзімге, соның негізінде жұмыстың нақты түрлерін орындау үшін тартылатын шетелдік кемеге, бірақ 1 (бір) жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

Шарт (келісімшарт) рұқсатты алуға өтінім беретін қазақстандық кеме иесі және шетелдік кеме иесі меншік иесі немесе шетелдік кеме иесі немесе орындау үшін тартылатын шетелдік кемеге жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) тапсырыс берушінің арасында жасалады.

7. Кемені басқа шарттың (келісімшарттың) шеңберінде жұмыстардың өзге де түрлерін орындау үшін басқа кеме иесіне беру кезінде осы Қағидаларда белгіленген тәртіпте жаңа рұқсат алу қажет.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8. Уәкілетті орган құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтылығын тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық емес топтамасын ұсынғанда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес өтінішті одан әрі қараудан уәжді түрде бас тартады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігі үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға оң нәтиже немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тартуды береді. Уәкілетті орган басшысының орынбасарының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесі портал арқылы электрондық құжат нысанында өтініш берушіге жіберіледі.

Меншік иесінің жеке басын куәландыратын құжаттар (жеке тұлғаларға қатысты), не заңды тұлға - меншік иесін мемлекеттік тіркеу (заңды тұлғаларға қатысты) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.06.2023 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Өтініш беруші осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынғанда уәкілетті органның қызметкері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін ұқсас техникалық сипаттамаларымен ұқсас түрдегі бос және осы мақсаттар үшін шетелдік кеме тартылатын қызметті жүзеге асыруға мүмкіндігі бар кемелердің болуын немесе болмауын анықтау үшін уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.03.2022 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Егер өтінім уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қазақстандық кеме иелерінен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін өздеріне тиесілі кемелермен шетелдік кеме тартылатын көрсетілетін қызметті жүзеге асыру мүмкіндігі туралы ақпарат түспесе, ұқсас техникалық сипаттамаларымен ұқсас түрдегі бос кемелер жоқ деп есептеледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.03.2022 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Оң қорытынды болған кезде уәкілетті органның қызметкері 1 (бір) жұмыс күні ішінде рұқсатты ресімдейді және өтініш берушінің порталдағы "жеке кабинетіне" жібереді немесе теріс қорытынды болған кезде көрсетілген мерзімде рұқсат беруден дәлелді бас тартуды дайындайды және өтініш берушіге жолдайды.

Рұқсат беруден бас тарту Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 02.06.2023 № 406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Ұқсас түрдегі бос Қазақстандық және осы мақсаттар үшін шетелдік кеме тартылатын қызметті жүзеге асыруға мүмкіндігі бар кемелердің болуы негізінде рұқсат берудің дәлелді бас тартуымен келіспеген жағдайда, өтініш беруші мынадай қосымша құжаттарды қоса бере отырып өтініш қайта енгізіледі:

1) танылған шетелдік сыныптау қоғамының еркін нысандағы қорытындысы (қазақстандық кеменің жұмыстарды жүзеге асыруға техникалық жарамсыздығын негіздеу қажет болған жағдайда);

2) тапсырысты орындау үшін қажетті кемеге жұмыстар тапсырыс берушісі еркін нысандағы техникалық ерекшелігі.

Шет тіліндегі құжаттар қазақ немесе орыс тілдеріне нотариалды расталған аудармасымен қамтамасыз етіледі. Шет тіліндегі құжатқа нотариалды куәландырылған аударманың электрондық көшірмесі қоса беріледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

13-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. ЗҚАИ-ның ескертпесі!

13. Уәкілетті орган мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

14. Берілген рұқсаттар туралы ақпаратты уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне жібереді.

Рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей шетелдік кеме Қазақстан Республикасының аумағынан кетуге тиіс.

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа шағым жасауға Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.03.2022 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Шет мемлекеттің туын көтеріп
жүзетін кемені Каспий теңізінің
қазақстандық секторында
пайдалануға рұқсат беру
қағидаларына
1-қосымша
Нысаны

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-қосымшаға өзгеріс енгізу көзделген - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат алуға өтінім

1. Кеменің атауы _____
2. Кемені тіркеу порты _____
3. Халықаралық теңіз ұйымының сәйкестендіру нөмірі (бар болса) _____
4. Кеменің туы _____
5. Кеме түрі _____
6. Кеме сыныбы _____
7. Кеме өлшемдері: ұзындығы _____ ені _____ борт биіктігі _____

8. Тіркелім сыйымдылығы: таза _____ жалпы _____

9. Шөгу _____

10. Салынған күні мен орны _____

11. Бас қозғалтқыштардың қуаты (бар болса) _____

12. Кемеңің меншік иесі _____

_____ (тегі, аты, азаматтығы, тұратын мекенжайы, төлқұжат деректері (жеке тұлғалар үшін);

атауы, орналасқан жері (заңды тұлғалар үшін)

13. Шарт (келісімшарт) жасалған кеме иесі _____

_____ (тегі, аты, азаматтығы, тұратын мекенжайы, төлқұжат деректері (жеке тұлғалар үшін); атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса), орналасқан жері (заңды тұлғалар үшін)

14. Шарттың (келісімшарттың) атауын, қолданылу күнін және мерзімін көрсете отырып, кеме қызметінің жоспарланған түрлері _____

15. Каспий теңізінің қазақстандық секторында жүзу ауданы _____

16. Рұқсат қажет етілетін мерзім _____

17. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кемелердің өздеріне тиесілі шетел кемесі тартылатын қызметті жүзеге асыру мүмкіндігіне қатысты қазақстандық кеме иелерімен келіспеу себептері (бар болса) _____

Ұсынылған мәліметтердің және қоса берілетін құжаттардың дұрыстығын растаймын

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін

_____ 20 __ жылғы " __ " _____ (қолы)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-қосымша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Көлік министрінің 01.06.2026 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Шет мемлекеттің туын көтеріп
жүзетін кемеңің Каспий теңізінің

қазақстандық секторында
пайдалануға рұқсат беру
қағидаларына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 16.08.2024 № 283 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы	Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беру
2	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті
3	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	"электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал)
4	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Қызмет көрсету мерзімі – 9 (тоғыз) жұмыс күні. Көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Егер ұсынылған құжаттардың толық емес фактісі анықталса, көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды береді.
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
6	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат, не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің ұсыну нысаны: электрондық түрде. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі және сақталады.

7	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін жеке және заңды тұлғаларға көрсетіледі.
8	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. 2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары www.egov.kz порталында және Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында ("Теміржол және су көлігі комитеті" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде) орналастырылған.
		Шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемені Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат алуға өтінім. Өтінімге мынадай құжаттардың электрондық көшірмелері қоса беріледі: кеменің техникалық жарамдылығын растайтын сыныптау куәлігі немесе өзге де құжат. Жолаушылар кемелері үшін қосымша: жолаушылар куәлігі;

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

тасымалдаушының жолаушылар алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисі*.

Екі мың және одан да көп тонна көлемінде мұнай тасымалдауға арналған кемелер үшін:

кемелерден мұнаймен ластанудан болған залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржылық қамтамасыз ету туралы куәлік*.

Ұқсас түрдегі бос қазақстандық, осы мақсаттар үшін шетелдік кеме тартылатын қызметті жүзеге асыруға мүмкіндігі бар кемелердің болуы негізінде рұқсат беруден дәлелді бас тартумен келіспеген жағдайда өтініш беруші мынадай қосымша құжаттарды қоса бере отырып, өтінім қайта енгізіледі:

1) танылған шетелдік сыныптау қоғамының еркін нысандағы қорытындысы (қазақстандық кемеңіз жұмыстарды жүзеге асыруға техникалық жарамсыздығын негіздеу қажет болған жағдайда);

2) тапсырысты орындау үшін қажетті кемеге жұмысқа тапсырыс берушісінің еркін нысандағы техникалық ерекшелігі.

Шет тіліндегі құжаттар қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды расталған аудармамен қамтамасыз етіледі. Нотариалды расталған аударманың электрондық көшірмесі шет тіліндегі құжатқа қоса беріледі.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілген қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.

1) өтініш беруші рұқсатты алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

10	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	2) өтініш берушінің және (немесе) рұқсатты беру үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) өтініш берушіге қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салатын заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімі) болуы; 4) өтініш берушіге қатысты заңды күшіне енген сот шешімі болса, оның негізінде өтініш беруші мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы; 5) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
11	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары www.gov.kz интернет-ресурсында және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығында көрсетілген: 1414.

Ескертпе:

* кемелерден мұнаймен ластанудан болған залал үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыру немесе өзге де қаржымен қамтамасыз ету туралы куәлік Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2002 жылғы 17 шілдедегі №

251-І бұйрығымен бекітілген тәртіппен беріледі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1956 болып тіркелген), тасымалдаушының жолаушылар алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру полисі "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен беріледі.

Егер сыныптау куәлігін немесе кемең техникалық жарамдылығын растайтын өзге де құжатты және жолаушылар куәлігін сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы уәкілетті орган заңнамада белгіленген тәртіппен танымаған шетелдік сыныптау қоғамы берсе, онда "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес танылған сыныптау қоғамынан растау қажет.

Шет мемлекеттің туын көтеріп
жүзетін кемең Каспий теңізінің
қазақстандық секторында
пайдалануға рұқсат беру
қағидаларына
3-қосымша

[УО мемлекеттік тілдегі атауы] УО мемлекеттік тілдегі деректемелері		[УО орыс тіліндегі атауы] УО орыс тіліндегі деректемелері
Дәлелді бас тарту		
Нөмір: [Нөмір] Берген күні: [Берген күні]		[Өтініш берушінің атауы]
[УО атауы], Сіздің [Өтінім беру күні] № [Өтінім нөмірі] өтініміңізді қарастырып, шет мемлекеттің туын көтеріп жүзетін кемең Каспий теңізінің қазақстандық секторында пайдалануға рұқсат беруден бас тарту туралы хабарлайды. [Бас тартудың себебі].		
[Қол қоюшының лауазымы]		[Қол қоюшының (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))]



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК